

International Kazakh-Turkish University named after H. A. Yasavi

Аннотация. Рассмотрены тактика и стратегия управления рисками в сельскохозяйственных предприятиях, сущность и необходимость изучения их в рыночной среде, а также влияние рискованных ситуаций на деятельность всех отраслей АПК. Представлены процесс управления рисками сельскохозяйственных предприятий, их взаимосвязь с другими подсистемами организаций, выделены такие виды рисков, как экологический, природный, политический, финансовый, производственный, рыночный и др. Представлен прогноз расходов на создание отдела информационного обеспечения по управлению рисками Департамента сельского хозяйства ЮКО. Проанализированы необходимость изучения современных зарубежных технологий для использования в индустриально-инновационном развитии сельского хозяйства и новых инновационных проектов в аграрном секторе экономики, поскольку управление рисками - это попытка достичь поставленных целей с помощью существующих возможностей. Исследования рисков в сельском хозяйстве определены как одно из важных направлений на современном этапе индустриально-инновационного развития экономики. Аграрное производство значительно подвержено влиянию факторов, вызывающих риски. Учитывая эту проблему, предлагается организация в регионе информационных и консалтинговых услуг по управлению рисками, с учетом сельскохозяйственных предприятий с низкой платежеспособностью.

Ключевые слова: сельское хозяйство, риск-менеджмент, индустриально-инновационное развитие, рынок, предприятие, производство, экономическая эффективность, информационные и консалтинговые услуги.

Сонымен қатар, қазіргі таңдағы ауыл шаруашылығының индустриалды-инновациялық дамуына бет бұрысында және жаңа инновациялық жобаларды ендіруде шетелдің озық технологияларын алдын ала жергілікті жерге әсері зерттелместен алып енгізудің белгілі бір деңгейде қауіпті және тәуекелділігі жоғары екені анық.

муында маңызды мәнге ие, себебі ол азық-түлік өндірушісі және жабдықтаушысы болып табылады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өндіріске арналған және көптеген өндірістік емес тұтыну тауарлары үшін шикізат өндіруші болып табылады.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, ҚР заңдары мен нормативтік актілері, Парламенттің және Министрлер Кабинетінің басқа да нормативтік құжаттары, стратегиялары және бағдарламалары, сонымен қатар экономикалық теория классиктерінің, экономика және басқару саласындағы атақты ғалымдардың экономикалық даму туралы ғылыми еңбектері әдістемелік негіз болды.

Жұмыста экономикалық зерттеулердің
аналитикалық, тарихи, абстрактілі және

логикалық, анализ және синтез, экономикалық математикалық моделдеу және статистикалық әдістері қолданылды.


Нәтижелері және оларды талқылау

Қазақстанда кепілдендіру іс-шараларын белсенді іске асырумен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін нақты шараларды жүзеге асыру керек [1].

Тәуекелді басқарудың мақсаты тәуекел-менеджмент және қалаған нәтижені анықтауды білдіреді. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарда тәуекелді басқару үрдісін

келесі суретте көрсетуге болады (1 сурет).

Тәуекелдің идентификациялау кезеңінде барлық мүмкін болатын тәуекелдің сипаттамасы олардың факторлары мен себептерін анықтау арқылы сипатталады. Шаруашылық тәуекелді басқару үрдісінің маңызды жағдайы – бұл кәсіпорынның қызметіне әсер ету деңгейіне, пайда болу тездігіне және басқа да критерийлерге байланысты келесі ранжирлеуді талдау және бағалау болып табылады [2].



Дереккөзі: Әдебиет көздерінен жинақталған мәліметтер негізінде автормен құрастырылған
 1 сурет – Ауыл шаруашылық кәсіпорындарда тәуекелді басқару үрдісі

Тәуекелдің мүмкін болатын деңгейі компанияның қай активтері және қаншалықта қатты тәуекел факторларының негативті ықпалына тәуелді екендігімен анықталады. Мүмкін болатын тәуекел деңгейі мүмкін болатын шығындар күтілетін пайдадан аз болған жағдай, яғни кәсіпкерліктің бұл түрі өзінің экономикалық мақсаттылығын сақтап қалатын аумақ болып табы-

лады. Мүмкін болатын тәуекел шекарасы кәсіпкерлік қызметтің есептік пайдасына тең келетін шығын деңгейі.

Сыни тәуекел аймағы – бұл күтілетін пайдадан асып түсетін мүмкін болатын жоғалтулармен сипатталады. Мұндай тәуекелдер көп жағдайда қайта толтырылмайтын шығындарға алып келеді. Катастрофалық тәуекел деңгейі – бұл өзінің

көлемімен критикалық деңгейден асып түсетін және кәсіпкердің меншігіне тең деңгейге жететін жоғалтулар болып табылады. Катастрофалық тәуекел жойылуға, кәсіпорынның банкрот болуына, жабылуына және меншіктерінің сатылуына дейін алып келуі мүмкін [3].

Келесі кезеңде тәуекелді басқару әдістері жүйесін өңдеу және жүзеге асыру қажет. Тәуекелдің әр түрлі факторларының әрекет ету жағдайында оларға әсер етудің әр түрлі тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарда тәуекелді басқару әдістерінің келесідей түрлерін атап көрсетуге болады: тәуекелдің әсер ету деңгейін шектеу, қосымша ақпараттар алу, танымалы емес делдалдардан бас тарту, әртараптандыру, жаңа нарықтарды жаулап алу, ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау, жүкті тасымалдау туралы келісімшарттар жасау т.б. Теріс әсерлері үшін өтемақы төлеу әдістері: маманданған компанияларда сақтандыру; мемлекеттік сақтандыру; өзін-өзі сақтандыру; қорландыру т.б. жатады [4].

Тәуекелді оқшаулау әдісі, яғни тәуекелі жоғары жобалар мен жұмыс жасайтын венчурлық кәсіпорындармен бөлімшелерді құру арқылы іске асады. Бұл әдіс тәуекелге баратын адамдар үшін және өте үлкен пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда қолданылады [5].

Берілген жіктеуден келесідей қорытынды жасауға болады, тәуекелдің әсер ету деңгейін шектеу, қосымша ақпараттар алу, танымалы емес делдалдардан бас тарту, әртараптандыру, жаңа нарықтарды жаулап алу, ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау, жүкті тасымалдау туралы келісімшарттар жасау т.б.

Тәуекелдің келесі кезеңі әрбір кезеңде қатысатын бақылау үрдісі. Бақылаудың негізгі міндеті жоспарланған нәтижелерден ауытқуларды анықтау, т.б. әдістерін тиімді қолдануды бағалау болып табылады [6]. Бұл жүйедегі байланыстырушы звено келесідей ақпараттар ағынын жинақтау және өңдеу арқылы ақпараттар базасын құрастырушы тәуекелді басқарудың ақпараттар орталығы болып табылады: шешімдерді өңдеу үрдісінде алынған ақпараттар, қабылданған шешімдерді немесе таңдалған стратегияны жүзеге асыру барысында алынған ақпараттар, тәуекелді талдау және бағалау барысында алынған ақпараттар, тәуекелді басқару әдістерін жүзеге асыруа алынған ақпараттар және т.б.

Тәуекелді басқару үрдісінде ақпараттар базасын құру блогы маңызды мәнге ие,

себебі бұл үрдістің негізгі кезеңі қолда бар ақпараттарға негізделеді. Сондай-ақ, бұл блокта қабылданатын шешімдер мен оларды іске асыру нәтижелері бойынша мәліметтер базасын құру қажет.


Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы тәуекел менеджменті басқарудың тактикасы мен стратегиясында қамтиды. Біздің ойымызша ауыл шаруашылық кәсіпорындарында тәуекелді стратегиялық басқару алға қойған мақсаттарға жету үшін тәуекелдің негізгі түрлеріне қатысты бағыттарды таңдау бойынша басқарушылық шешімдер болып табылады. Тәжірибеде барлық ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындар әртараптандырылғанын айтып өту керек. Олар бірнеше қызметтік бағыттарға ие:

- өсімдік шаруашылығындағы тәуекелді басқару секторы;
- мал шаруашылығындағы тәуекелді басқару секторы;
- қайта өңдеу өндірісінде тәуекелді басқару секторы;
- тәуекел мониторингі мен бағалау топтары;
- тәуекелді басқару әдістерін өңдеу және іске асыру топтары;
- дағдарысжағдайында басқару топтары;
- тәуекелмен байланысты ақпараттар қоры.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының басым бағыттары – ет және сүт өнеркәсібінің дамуы болып табылады [7]. Сондықтан да біз құс шаруашылығындағы тәуекелді қарастырудамыз. Тәуекелді басқару қызметі блоктарының ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы басқа ішкі жүйелермен байланысын келесі суреттен көруге болады (2 сурет).

Сондай-ақ, айтып өту керек, суретте көрсетілген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының әрбір қызметтік бағыттарында өсімдік шаруашылығында, мал шаруашылығында және қайта өңдеу өндірісінде мамандандыруға сәйкес келетін шаруашылықтың тар аймақтарын бөліп көрсетуге болады. Мұндай бөлістіру бір бағытпен айналысатын, бірақ жеткілікті ерекше сипатқа ие моношаруашылықтарға тән (мысалға, дәнді дақылдарды және жемістерді өсіру).

Әрине, мұндай бөлістіру кәсіпорын басшылығының қалауымен жүзеге асырылуы қажет.



Дереккөзі: әдебиет көздерінен жинақталған мәліметтер негізінде құрастырылған

2 сурет – Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы басқа да ішкі жүйелермен байланысы

Ұсынылып отырған тәуекелді басқару қызметінің ауыл шаруашылық кәсіпорындарында тәуекелді басқару қызметі кеңейтілген функцияларға ие болуы керек. Оның негізгі маңызды функциясы кәсіпорынның спецификалық ерекшеліктеріне байланысты тәуекел деңгейін анықтау және бағалау әдістерін өңдеу және қолдану болып табылады. Бұл құрылымда басқа да құрылымдық бөлімшелер мен үздіксіз байланыста болуы тиіс мониторинг және тәуекелді бағалау тобы үлкен мәнге ие. Олардан тек қана талдауға қажетті ақпараттарды алып қана қоймай, сондай-ақ оларға же-ке спецификалық тәуекелдерін бағалауда көмектесу керек (кадрлық, қаржылық және басқалар). Бұл блоктың нақты қызметтер құрамы қойылған мақсаттарға, кәсіпорынның нақты жағдайына, сыртқы орта жағдайына және т.б. жағдайларға байланысты.

Тәуекелді басқару қызметінің мұндай құрылымын құрудың маңызды моменті кәсіпорындар мен бірыңғай тәуекелді басқару қызметі арасындағы мобильді компьютерлі байланысты қолдану болып табылады. Өкінішке орай, бүгінгі таңда

Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылық кәсіпорындарында және жалпы Қазақстанда компьютерлер мен бағдарламалық өнімдерді қолдану өте төмен жағдайда [8].

Бұл үлгі бойынша тәуекелді басқару қызметін ұйымдастыру біріншіден, холдингтің орталық кәсіпорны мен жеке шаруашылық арасында біріктірілген компьютерлік тарауларын құруға мүмкіндік береді. Бұл құрылымның ерекшелігі жалпы холдингте тәуекелді стратегиялық басқару секторын бөліп қарастырады. Осы секторға жалпы холдинг қызметі бойынша тәуекелді есепке алу қызметі, таңдалған корпоративтік стратегия және дамудың жалпы функционалдық стратегиясындағы тәуекелді талдау міндеттері жүктелген болуы тиіс.

Ақпараттармен қамтамасыз ету бөлімін құру үшін қажетті шығындар есебін келесі 1 кестеден көруге болады.

Бөлімшенің жаңашыл жабықтармен жабдықталуына кететін шығындар сомасы 782250 т. құрайды.

әсер ететін тәуекел деңгейін анықтауда кешенді жүйелендірілген тәсіл өңдеу болып табылады.

Тәуекелді сандық бағалау дегеніміз – бұл болжамданып отырған шешімді іске асыруға тән тәуекелдерді суреттеу, тәуекел құрылымын анықтау, қабылданған шешімнің өңделген алгоритміндегі қауіпті салаларын анықтау. Бағалаудың бұл кезеңінің негізгі міндеті – кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне әсер ететін тәуекел түрлерін анықтау. Бұл тәсілдің ерекшелігі ауыл шаруашылық кәсіпорынның басшысы тәуекелдің ба-стапқы кезеңінде тәуекелдің сандық құра-мы бойынша тәуекелдің деңгейін анықтап, белгілі бір шешімді өмірге енгізуден бас тартуы мүмкін.

Тәуекелді сандық бағалаудың негізі ретінде аудиторлық тексеру барысында пайдаланылатын әдістемені қолдану ұсы-нылады. Тәуекелді сандық бағалау кәсіп-орынның қаржылық-шаруашылық қызме-тіндегі тәуекелдерді сапалық бағалаудан алынған мәліметтерге негізделі отырып жүргізіледі. Берілген кесте тәуекел фактор-ларын толық анықтау үшін құрылған.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында шешім қабылдау үш кезеңнен тұрады:

I кезең – шешімді алдын ала қабылдау. Алдын ала шешім қабылдау. Ауыл шару-

ашылық кәсіпорынның басшысымен шешім қабылдау алгоритмінің әрбір операциясы бойынша жеке тәуекел түрі мен ақпарат сапасының орташа арифмети-калық мәні негізінде қабылданады.

II кезең – сыни мәнін талдау. Бұл кезеңде бағалау тәуекелдің сыни көлемінен жоғары мәнге ие болған тәуекелді құраушыларды талдайды (біздің жағдайда бұл өлшем 0,8 тең). Бұл іс-әрекеттің қажеттілігі кәсіпорынның банкротқа ұшы-рауына және барлық салымдарының жо-ғалтуына алып келетін тәуекел факторла-рын анықтау болып табылады [9]. I-II ке-зеңдерде шешім қабылдау мысалы ретінде тауық етін қайта өңдеу және тауық рулетін өндіруге арналған жаңа жабдықты сатып алу бойынша «Ордабасы құс» кәсіп-орнының жоспарланған шешімі (3 кесте).

III кезең – қорытынды шешімді қа-былдау. Қорытынды шешім алдын ала шешім қабылдау нәтижелері және сыни мәнді талдау негізінде қабылданады.

Сонымен «Ордабасы құс» кәсіп-орнында тәуекелді бағалау әдісін қол-данып, келесі қорытындыға келеміз – та-биғи-климаттық (0,78) және тұтынушылық тәуекел (0,56). Зерттеліп отырған кәсіп-орынның активтерін жоғалту тәуекелінің ең жоғары деңгейі жүк тасымалдау операция-ларында пайда болады (0,5).

3 кесте – «Ордабасы құс » кәсіпорнындағы жаңа жабдықтар сатып алудағы шешім қабылдауда тәуекелді бағалау

Зерттеліп отырған кәсіпорын үшін жаңа құрал-жабдықты сатып алу қажеттілігі туралы тәуекелді басқару			
Тәуекел түрі	Орта мәні (Тәуекел/ақпарат)	Тәуекелді құраушылардың сыни мәні (мәні 0,8 жоғары)	Шешімнің түрі («+» - оң, «-» - теріс)
Аймақтық эко-номикалық	0,35/0,72	-тұрақсыздандырушы факторлардың нақты саны	
Табиғи	0,47/0,7	-төмен температураның әсері -тауықтардың жаппай ауруы	
Маркетингтік	0,46/0,7	-әлеуетті сатып алушылардың төмен төлемқабілеттілігі -баға (баға өзіндік құн деңгейінде) -нарықтық фигуралардың іс-әрекеті және нарықтық бәсекенің күштілігі жет-кілікті деңгейде зерттелмеген -кәсіпорында мерзімді маркетингтік зерттеулер жоспарланбайды және өткізілмейді.	
Қорытынды		0,42/0,66	
<i>Дереккөзі: Жинақталған мәліметтер негізінде автормен есептелген</i>			

Есептер көрсеткендей, ең төменгі баға қаржылық тәуекелге жатады, бұл кәсіп-орынның қаржылық тұрақтылығын дәлел-дейді (0,09).

Тәуекелдік-ақпараттық кестені тал-дауда тәуекелдердің үлкен бөлігі бір сала-да орналасқан, бұл шешім қабылдаудың тиянақты жоспарланған және жасалғанын

дәлелдейді. Сондай-ақ, аймақтық-экономикалық, табиғи және тұтынушылық тәуекелдерді қарастыру барысында ақпараттың жеткіліксіз екендігін айтып өту керек. Сапалы ақпараттарды қолданған жағдайда бұл тәуекел түрлері жоғары тәуекелді саладан, орта тәуекелді салаға өтуі мүмкін.

Шешім тәуекелін жалпы бағалау 0,51 құрайды, бұл ұсынылып отырған тәуекел градациясы шкаласында «жоғары» көрсеткішке сәйкес. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне кері әсер етуші шектеулі факторлардың бар екендігін көруге болады. Теріс салдарының болу мүмкіндігін тәуекелді басқару әдістерін қолдану арқылы бөлшекті талдау негізінде төмендетіп және жоюға болады.

Шешім қабылдаудағы ақпарат сапасын жалпы бағалау 0,66 бұл тәуекел градациясы шкаласында «орташа» көрсеткішін құрайды. Шешім қабылдауда кәсіпорын басшылығының сапалы ақпараттар қолданғанын және жауапкершілікпен қарағанын айтуға болады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіндегі тәуекелді бағалауда қорытынды және жауапкершілігі жоғары кезең шешім қабылдау. Тәртіптік стратегияны өңдеуде және нақты шешім қабылдауда қаржылық-шаруашылық қызметте күтілетін шығындарға байланысты тәуекел аймағын бөліп қарастыру керек.

Сонымен, жаңа жабдықтар сатып алу туралы шешім қабылдауда жалпы тәуекел «жоғары/орта» деп анықталады.

Тұжырымдар. Ауыл шаруашылық саласының ерекшеліктерін зерттеу тәуекелдің келесідей түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: табиғи, экологиялық, саяси, кәсіпорын қызметімен байланысты – нарықтық, өндірістік, қаржылық, кәсіпорынды басқару тәуекелі. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық кәсіпорындарда мамандануына байланысты да тәуекел түрлері бар: ауа райының өзгеруіне, өсімдік ауруларына т.б. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының дамуын талдау агроөнеркәсіп саласындағы тәуекелдің жалпы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылық саласы өндіріс ерекшелігімен және шаруашылық тетіктерімен анықталады. Сонымен, қорыта келе кәсіпкерлік қызметтегі жоғары деңгейлі тәуекелдің болуы жалпы ауыл шаруашылық үшін де, сондай-ақ құс шаруашылығы үшін де тән. Бұл жағдай ауыл шаруашылық өнім өндірушінің қызметінің өндірістік және қаржылық нәтижесі тек қана сапалық және сандық еңбек пен емес, сондай-ақ жоғары деңгейлі тәуекелмен

байланысты ауыл шаруашылық өндірісінің объективті жағдайларымен де байланысты Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын басқару тәжірибесінде ұсынылған шараларды енгізу бәсекелестік нарықтың даму жағдайына тәуекелді басқару жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ж.Е. Абилгазиева, М.Е.Сабырова, Ж.К.Туребаева. ҚР ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тетіктері // Аграрлық нарық проблемалары. - 2015.- №4. - 39б.
- 2 Bernstein, Peter L. Against The Gods: The Remarkable Story of Risk. - New York: John Wiley & Sons, 2002.-117p.
- 3 Хохлов Н.В. Управление риском: учебное пособие для вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. –139с.
- 4 Догиль Л.Ф.Управление хозяйственным риском: учебное пособие.- Минск, 2005.-58с.
- 5 Пикфорд Джеймс. Управление рисками. - М., 2004.- С.92-96.
- 6 Keynes M.J. Treatise on Probability [Электронды дерек көз]. - 1921: New York.- URL: <http://www.gutenberg.org/files/32625/32625-pdf.pdf> (анықтама мерзімі 12.03.2013).
- 7 Г.А. Калиев, Г.У.Акимбекова. Приоритетные направления развития переработки сельскохозяйственной продукции в РК // Проблемы агрорынка. -2015.- №1. -С. 8-9.
- 8 Н.Ө. Назарбаев. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды дерек көз].- 2017.- URL: <http://www.akorda.kz> (анықтама мерзімі 17.01.2014).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Zh.E.Abilgazieva, M.E.Sabyrova, Zh.K. Turebaeva. ҚР ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тетіктері // Аграрлық нарық проблемалары. -2015.- №4. - 39б.
- 2 Bernstein, Peter L. Against The Gods: The Remarkable Story of Risk. - New York: John Wiley & Sons, 2002.-117p.
- 3 Hohlov N.V. Upravlenie riskom: uchebnoe posobie dlja vuzov. - М.: JuNITI-DANA, 2001. – 139с.
- 4 Dogil' L.F.Upravlenie hozjajstvennym riskom: uchebnoe posobie.- Minsk, 2005.-58с.
- 5 Pikford Dzhejms. Upravlenie riskami. -М., 2004.- С.92-96.
- 6 Keynes M.J. Treatise on Probability [Jel'ektrondy derek көз]. -1921:New York.- URL: <http://www.gutenberg.org/files/32625/32625-pdf.pdf> (анықтама мерзімі 12.03.2013).
- 7 G.A.Kaliev, G.U.Akimbekova. Prioritetnye napravlenija razvitija pererabotki sel'skohozjajstvennoj produkcii v RK // Problemy agrorynka. -2015.- №1. -С. 8-9.